

ОӘЖ 336.647
**КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ
ЖОЛДАРЫ**

Бегжан Нұрдәулет Әділханұлы
Bekzhan.nurdaulett@mail.ru,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., профессор Керімбек Ғ.Е.

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастыруда елеулі өзгерістер болуда. Әр түрлі кәсіпорындардың арасында деңгейлес байланыстар күшейіп келеді, олардың банк жүйесімен өзара іс-қимылы нығайып келеді. Бұл үдерістер салалық құрылымдардан бас тартып, жаңа үлгідегі құрылымдарды – экономикалық мүдделермен, бірыңғай акциялармен және мемлекеттің мүліктегі үйлесімімен байланысты ұқсастық негіздегі, сонымен қатар көпсалалық құрылымдарды жасауда көрінеді. Бұл құрылымдар рынок жағдайында анағұрлым өміршең болып келеді

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында кәсіпорындардың дамуы компаниялардың даму тарихындағы жаңа кезеңнің басы болып саналады. Кәсіпорынның даму тарихы, теориясы мен тәжірибесі, онда қолданылатын тәсілдері түбегейлі зерттеліп, оларды қазіргі кездегі шарттарға байланысты қолдану және оларды пайдаланудың жаңа үлгілері жасалынууда. Тауарлар мен қызметтердің оңтайлы портфелі фирма өндіре алатын өнімдер мен қызметтердің барлық аралас түрлерін талдау негізінде қалыптасады. Ассортименттің оңтайлы портфелі нарық конъюнктурасындағы өзгерістерге оңай бейімделуге, маусымдық өзгерістерді реттеуге және өндірістік әлеуетті толығымен пайдалануға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның меншікті қаржы ресурстарының көбеюіне әкелетін бұйымдарды көбейту, өндіріс көлемін көбейту, шығындарды азайту арқылы алынатын табыс сомасына байланысты [1].

Сәйкесінше бүгінгі таңда компанияның негізгі міндеті өндіріс шығындарын төмендетумен қатар өнім сапасын жаңарту. Іріктеу нақты критерийлердің көмегімен жүргізіледі: өткен кезеңдегі төлем тәртібін сақтау тауарлардың қажетті көлемін төлеу бойынша сатып алушының болжамды қаржылық мүмкіндігін сақтау; ресурстағы төлемқабілеттілігінің деңгейін, қаржылық тұрақтылық деңгейін сақтау және сатушы кәсіпорынның экономикалық және қаржылық жағдайын сақтау (тауар болуы, қолма-қол ақшаға деген қажеттілік, т.б.)

Тиімді бизнесті қалыптастыру. Тиімді бизнесті қалыптастыру қолдағы бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалану және жаңа мүмкіндіктерді іздеу жатады. Сапасы және сенімділігі жоғары тауарлар шығаратын кәсіпорын бағаны көтеруі мүмкін және сапасы үшін үстеме ақы – қосымша сыйақы алады. Арзан ресурстардың меншікті көзі бар кәсіпорындар олардың аз өзіндік құны нәтижесінде қосымша табыс алады. Нарықтың дамуы кезінде монополиялық рентаның барлық түрлері бағамен ескеріле бастайды. Өнімнің өзіндік құнының төмендігінен көрінетін жинақталған тәжірибе үшін сыйақы бәсекелестіктің маңызды факторларының бірі. Қызметкерлер еңбегінің шығармашылық сипаты білімдердің жинақталу үдерісін жеделдетеді.

Қазіргі заманғы кәсіпорын – күрделі өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе болып табылады. Бұл нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның нарықтық конъюнктураның өзгеруін алдын-ала анықтау тиістілігімен байланысты. Қазіргі уақытта

көптеген кәсіпорындар мемлекеттік және коммерциялық секторларда клиенттері бар. Мемлекеттік тапсырысты орындау мен коммерциялық сұранысты қанағаттандыру арасында синергетикалық әрекетке бағытталу қосымша бәсекелік артықшылық алуға мүмкіншілік береді: өнімнің төмен өзіндік құны және жоғары сапасы. Кәсіпорын өнімнің аралас түрлерін шығара отырып, синергетикалық әсер ала алады, мысалы, білім мен тәжірибені жедел жинақтау, бір құрылғыларды пайдалану және нөімдерді нарықта жылжытудың барлық арналарын пайдалану арқылы [2].

Өткізу нарығын ашудың экономикалық негіздемесі. Тауар ассортиментін оңтайландыру нәтижесінде кәсіпорынның тапқан таза пайдасын өндірісті ары қарай кеңейту мақсатында қолдану үшін жинақтаушы қорға аудару ұсынылады. Айналым қаражаттарының айналымдылығын жылдамдату капитал шығындарын талап етпейді және өндіріс көлемі мен өткізу көлемінің өсуіне әкеледі. Бірақ, инфляция әсерінен айналым қаражаттары тез құнсызданады, кәсіпорындар шикізат пен отын-энергетикалық ресурстарды сатып алуға олардың көп мөлшерін жұмсайды, сатып алушылардың төлемсіздігі айналымнан қаржының көп бөлігінің шығып қалуына әкеледі. Айналым капиталының қажеттілігіне қолданбайтын қорлар пассивтерді төлеуге бағытталуы мүмкін, сондай-ақ олар негізгі капиталды сатып алуға немесе иелеріне табыс түрінде төлеуге қолдануы мүмкін. Айналым капиталын үнемдеу мен оның айналымдылығын жоғарылатудың тәсілдерінің бірі – қорларды басқаруды жетілдіру. Кәсіпорын қаражаттарды қор құруға жұмсағандықтан, сақтау шығындары қойма шығындарымен ғана емес, бұзылу тәуекелімен және тауардың ескіруімен, сондай-ақ капиталдың уақытша құнымен де байланысты.

Ресурстық активтердің белгілі бір түрін қандай да бір көлемде сақтаудың және ұйымдық өндірістің нәтижесі осы активтерге тән сипатта болды. Дайын өнімнің үлкен қоры жоғары деңгейдегі сұраныс жағдайында өнім тапшылығының пайда болуының мүмкіндігін қысқартады. Осылайша, шикізат пен материалдың үлкен қоры кәсіпорында қордың жеткіліксіздігі жағдайында өндіріс үдерісінің тоқтатылуы немесе аса қымбатқа түсетін алмастырушы материалдарды сатып алудан қорғайды. Егер жабдықтаушылар кәсіпорынға төменгі бағамен келіскен жағдайда шикізат пен материалдарды сатып алуға тапсырыстың көп мөлшері үлкен қорлардың пайда болуына әкеледі.

Батыс елдерінде қаржылық ресурстарды басқару теңдігіне кәсіпорынның акция ұстаушыларының күтулері әсер етеді. Бұл фактор компаниядан акция ұстаушыларға табысты қамтамасыз ететін табыстың ұзақ мерзімді минималды нормасын бекітуді талап етеді және мына жағдайларды ескереді: үлкен дивидендтер және капитал құнын өсіру мүмкіндіктері, бизнестегі тәуекел элементі (тәуекел дәрежесі төмен салаларда) акция ұстаушылар салыстырмалы тәуекелмен инвесторлардан ала алатын кіріс мөлшері. Акция ұстаушылардың көбі өздері қаражат салған ұшырайтын ресурстағы және үлкен проблемалары туралы түсінігі болмағандықтан, олардың табысқа байланысты үміттері өте жоғары және орындалуы мүмкін емес. Сала неғұрлым бәсекеқабілетті болса, соғұрлым акция ұстаушыларына құрылғы мен ғимараттарды жаңарту және жетілдіруге зерттеулерге, оқытуға, компьютерлендіруге инвесторлар тарапынан көбірек қысым көретілуі мүмкін. Осы бағыттардың ешқайсысы инвестицияның бір жылда немесе одан да көп уақыттан кейін қайтарылуын жеделдете алмайды. Қаржы ресурстарын басқаруды жүргізуде капитал құнын анықтауды дұрыс шешу керек.

Қаржы ресурстарын тиімді құру үшін кәсіпорында қаржы ресурстарының мониторингін жүйелі түрде жүргізіп отыру қажет. Ол үшін 6 сатыдан тұратын қаржы ресурстары мониторингінің төмендегі үлгісін қолдануға болады. Кәсіпорынның қаржы ресурстарына мониторинг жүргізу кезінде кәсіпорынның қаржы ресурстарын құрудың тәсілдері мен құралдарын таңдау бойынша шаралар жүргізіледі [3].

Яғни, мекеменің әлеуетіне әсер ететін ішкі және сыртқы пайда болу көздерінің әр түрлі көріністерінен мекеменің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіпсіздік

индикаторы мониторингі жүйесін қалыптастыру, шектік мағынасын дәлелдеу және орнату, қауіпке қарсы шаралар орнату.

Кесте 1

Кәсіпорынның қаржы ресурстарының тиімді құрылуына жүргізілетін шаралар кешені

№	Шаралардың атауы	Жүзеге асырылу механизмі
1	Кәсіпорындардың қаржы ресурстарының мониторингін жүргізу	Кәсіпорындардың қаржы ресурстарының мониторингінің ұсынылған үлгісін қолдану
2	Кәсіпорындардың пайдасын болжау	Кәсіпорынның пайдасын болжаудың үлгісін құру
3	Машина жасау өнеркәсібінің айналым капиталының құрылу ерекшеліктерін анықтау	Жасалған сызба негізінде
4	Кәсіпорынның қаржы ресурстарының құрылуының оңтайлы тәсілдерін анықтау	Дәстүрлі және балама тәсілдер
5	Кәсіпорынды қаржыландырудың түрлі тиімді құралдарын таңдау	Қаржы құралдары (бағалы қағаздар)
6	Кәсіпорынның қаржы ресурстарының құрылуына жетілген қаржылық қызмет көрсетулерді қолдану	Лизинг, факторинг, т.б.
7	Баланс баптары негізінде кәсіпорынның қаржы ресурстарын талдау	Кәсіпорынның қаржылық есептілігін пайдалану
8	Түрлі деңгейлердегі инвестициялық саясатты жүргізу арқылы кәсіпорынның қаржы ресурстарын құру әдістерін пайдалану	Аймақтық, мемлекеттік және басқа да инвестициялық бағдарламаларға қатысу
9	Қарыз қаражаттарын тарту	Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді негіздерде банк несиелері мен займдарын тарту
10	Кәсіпорынның тиімсіз шығыстарын төмендету	Шығын механизмін жетілдіру

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартудағы ұсыныстар.

Жалпы, кәсіпорынның төлем қабілеттігін қалпына келтіру шаралары бар. Бірақ оларды жүзеге асыру көп уақытты талап етеді. Салық салынатын базаны төмендету әдісі және ағымдағы міндеттемелер бойынша кредиторлармен есеп айырысу әдісі ретінде негізгі қорлардың бір бөлігін сату. Ұзақ мерзімді ссуда немесе займ алу, бірақ бұл жерде белгілі бір шарттылық бар: егер алынған ссуда мақсатты сипатта болса, онда ресми критерийлер бойынша төлем қабілеттігінің жақсаруы шың мәнінде жалған болып табылады. Кәсіпорынды қаржыландырудың түрлі нарықтық құралдарын пайдалану қажет, яғни меншікті бағалы қағаздарды эмиссиялау арқылы қосымша қаражат қалыптастыру қажет. Жоғарыда көрсетіліп өткен 1-кестеге сүйенсек, онда аймақтық және түрлі мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларға кәсіпорын үздіксіз қатысып отыру керек. Сондай-ақ кәсіпорын өзінің жұмсалатын шығыстарын қайта қарап, оларды тиімді түрде жұмсау керек. Кәсіпорын пайдасы толығымен есептеліп, алдағы есепті кезеңге оңтайлы көлемде жоспарлануы қажет.

Қаржылық ресурстарды басқару сәттілігі кәсіпорынның капитал құрылымына тікелей байланысты. Капитал құрылымы компанияның активтерін көбейту бойынша шараларына сәйкес келуі немесе қарсы келуі мүмкін. Ол сондай-ақ қарыз міндеттемелері бойынша төленетін тұрақты пайыздық табыс пайда компанияның белсенділігінің болжанатын деңгейіне тәуелсіз болғандықтан пайда нормасына тікелей әсер етеді. Егер фирманың қарыздық төлемдерінің үлесі жоғары болса, онда қос капиталды іздеуде қиыншылықтар тууы мүмкін. Сәйкесінше, капитал құрылымы капиталдың қызметіне және талаптарына сәйкес келуі керек қарыз қаражаттары мен капиталының қатынасы акционерлерге қайтаруын қамтамасыз етуі керек. Капитал құрылымының икемділігі табыстың маңызды элементі болуы мүмкін әдетте орта және ұзақ мерзімді қарыздарға қарағанда, қысқа мерзімді қарыздар бойынша келісімге отыру оңай.

Батыс елдерінде қаржылық ресурстарды басқару теңділігіне кәсіпорынның акция ұстаушыларының күтулері әсер етеді. Бұл фактор компаниядан акция ұстаушыларға табысты қамтамасыз ететін табысты ұзақ мерзімді минималды нормасын бекітуді талап етеді және мына жағдайларды ескереді: үлкен дивиденттер және капитал құнын өсіру мүмкіндіктері, бизнестегі тәуекел элементі (тәуекел дәрежесі төмен салаларда және акционерлік қоғамның мүшелерінің төмен және керісінше) акция ұстаушылар салыстырмалы тәуекелмен инвесторларын ала алатын кіріс мөлшері.

Акция ұстаушылардың көбі өздері қаражат салған ұшырайтын ағымдағы және үлкен проблемалары туралы түсінігі болмағандықтан олардың табысқа байланысты үміттері өте жоғарылатылған және мүмкін емес. Олардың үміттерінің тоқталу деңгейі өздерінің компанияларға әсер етуіне байланысты. Егер ұстаушылар қаражаттанбаса олар акцияларды сатып жіберуі мүмкін. Сала неғұрлым бәсекелік болса соғұрлым акция ұстаушыларына құрылғы мен ғимараттарды жаңарту мен жетілдіруге зерттеулер, оқыту, компьютерлендіруге инвесторлар бөлімінде көбірек қысым көрсетілуі мүмкін. Осы бағыттардың ешқайсысы инвестициялық бір жыл немесе оданда көп уақыттан кейін қайтарылуын жеделдете алмайды. Сондай-ақ сән өзгерісіне тұтынушының мінез-құлқынан, технологиядан бәсекеден кәсіпкерлік тәуекелінен көрінетін сұраныстың анықталмағандығы пайданы анықтау үдерісінде жүретін қателерден көрінеді. Қаржы ресурстарын басқаруды жүргізуде капитал құнын анықтауды дұрыс шешу керек.

Қызмет көрсетудің ішкі сипаты, сатып алушының көретін пайдасын көрсетеді. Қызмет көрсетудің ішкі сипаты негізгі қызмет көрсету мен қосымша қызмет көрсету түрінде қарастырылуы мүмкін. Негізгі қызмет көрсету клиенттің қызметтен көрген минималды пайдасын көрсетеді. Мысалы, тасмал қораптарын жөндеу кезінде негізгі қызмет. Ақша түсінігіндегі баға – ол қызметпен қамтамасыз етілген сатып алушыдан шығатын сома. Оған жөндеу кезіндегі мысалы, артық бөлшектерді сатып алу немесе басқа да шығындарға кететін сома да жатады. Сондықтан, сервис мекемесі өз сатып алушыларына нақты баға қоя алады.

Қызмет көрсетудің уақыты тездетілсе, пайда ұзаққа созылып, сатып алушы үшін тағы бір қосымша көмек болады. Көптеген кәсіпорындар үшін басты мәселелер, ол экономикалық шектеулер және компанияның қаржылық тұрақтылығы мен қаржы ресурсының тұрақты көлемі болып отыр, өйткені олар тауарды сатып алу сонымен қатар кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін, айналым қаражаттарының және айналым қорларының болуына және тауар маркасын таңдауға қатысты клиенттер шешіміне өте зор ықпал етуі. Шараларды енгізу нәтижесінде қорлар мен шығындарды, несие пен қарыздарды қаржыларға бағалауы мүмкін. Меншікті қаржы ресурстары айтарлықтай көбейеді. Бұл кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігі жоғарылайды. Қаржылық ресурсының келуі нәтижесінде кәсіпорынның іскерлік белгісі және пайдалылығы жоғарылайды [4].

Қаржы ресурстарын басқарудың оңтайлы құрылымын құрмай осы шараларды жүзеге асыру мүмкін емес, сондықтан да алғашқы шаралардың бірі ретінде кәсіпорында қаржыны басқару оңтайлы құрылым жасаудың маңызы зор.

Қолданылған әдебиеттер

1. Кошкарбаев К.У. «Основные направления повышения эффективности управления финансовыми ресурсами путем совершенствования организации расчетов на предприятиях», Қаржы-Қаражат, №11, 67 бет.
2. Янковский К., Мухарь И. «Способы и методы оценки бизнеса», Мир финансов, 2008, №6, 34-41 бет
3. Кошкарбаев К.У., Тургулова А.К. Определение политики управления структурой капитала предприятия. Вестник КазГАУ. «Казахстан в XXI веке», 2002 г, №1
4. Әмірханов Р.Ә. Тұрғұлова А.К. Қаржы менеджменті, Алматы 2000 ж.